

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ Қазақстан Республикасының Президенті Тәуелсіздік бәрінен қымбат Бағдар мен белес



Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығаға түскенін өйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сөт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз.


Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір

саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырары анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінімен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет.

(жалғасы 2 бетте)

ЖАСТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ ЖОҒАРЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ТАҢҒЫ САФАТ ЖЕТІДЕ БАРЛЫҚ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ ЕСІКТЕРІН АЙҚАРА АШТЫ. АУДАНДАҒЫ САЙЛАУ БАРЫСЫНАН РЕПОРТАЖ ЖАСАУДЫ ӨЗІМ ТІРКЕЛГЕН №390 САЙЛАУ УЧАСКЕСІНЕН БАСТАДЫМ. САЙЛАУ УЧАСКЕСІНЕ КІРГЕННЕН АРНАУЛЫ МАМАНДАР КЕЛУШІЛЕРДІ ҚЫЗУЫН ӨЛШЕП, АНТИСЕПТИКТЕРДІ ҚОЛДАНУҒА КЕҢЕС БЕРДІ. АРНАУЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ БЕТПЕРДЕСІ ЖОҚТАРҒА ЖАҢА БЕТПЕРДЕҮСЫНДЫ.



Алдымен конституциялық құқығымды пайдаланып, өз таңдауымды жасадым. Саяси шараларда қашаннан белсенді алдыңғы буынның өкілі

– Ақан Нұрғабайлов ақсақал алғашқылардың бірі болып дауыс берсе, жастардың да алғашқы топта дауыс беруге ұмтылуы қуантты. Солардың

бірі – Нұрбек Айдынгалиев. (Нұрбектің пікірі төменде дербес беріліп отыр) Сайлаушылардың дауыс беру барысын бақылап, саяси додаға түсіп жатқан бес партияның да өкілі отырды. Комиссия мүшелері санитарлық талаптарды сақтап, медициналық арнайы киімдермен қамтылған. Комиссия мүшелері әр сайлаушыға бюллетендерін беріп, дауыс беру тәртібін түсіндіріп жатыр. Шығып келе жатып жолаушыларын жинап жүріп, дауыс беруге кіріп келе жатқан Сапар Базаровты кездестірдік. Сапар отыздағы жасынан жолаушылар тасымалымен айналысатын кәсіпкер. Өрине, жасыратыны жоқ, жастардың, соның ішінде Сапардың замандастарының белсенділігі төмен. Сондықтан, Сапардың бұл ісіне сүйсінбеске амал жоқ.

Одан кейін сағат 8-ге таяу аудандық мәдениет үйінде орналасқан №389 сайлау учаскесіне бардым. Мұнда да барлық санитарлық нормалар сақталған. Учаскелік комиссия төрағасы Жәнібек Құлмұқанов биылғы сайлауда жастардың да белсенділігі жоғары екенін айтты. Әдетте, сайлауға жастар жағы үздік-создық түске таяу келетін. Яғни, бұл саяси шараға салмақ беріп, өз ұстанымдарын білдірген жастардың елінің ертеңіне бей-жай қарамайтынының белгісі болса керек. Одан кейін Ойыл селосындағы екі учаскеге де барып, сайлаушылардың конституциялық құқығын пайдаланған сәттеріне куә болдым.

Бір сөзбен айтқанда, ойылдықтар саяси науқанға белсене қатысты. Әр сайлау учаскелерінде дауыс берушілерге ашық, еркін әрі өзі қалаған партияға таңдау жасауға мүмкіндіктер жасалды. Аудан бойынша 24 сайлау учаскесі бар. Барлық учаскелерде санитарлық талаптар сақталып, медициналық арнайы киімдермен қамтылды. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Бисекеновтың айтуынша сайлау кезінде ешқандай апалау, бұра тарту болған жоқ. Сайлау учаскелеріндегі бақылаушылар заңсыз әрекеттерге жол бермеу үшін бәрін бақылап отырды. Ойылда 9624 сайлаушы болса, оның 7233-і дауыс берді. Бұл сайлаушылардың 72,3 пайызын құрайды. Ел болашағы үшін өз партиясын таңдаған жастардың белсенділігі жоғары болды. Алғаш рет дауыс берген 244 жас таңдауларын жасап, қалаған партияға дауыс берді. Ал, ресми дерекке сүйенсек, аудан-дық мәслихаттағы 11 депутаттық мандатқан бес партия 32 кандидатты ұсынды. Оның 22-сі «Nur Otan» партиясынан болса, «Ақ жол» демо-кратиялық партиясынан 2 кандидат, Қазақстанның халықтық партиясынан 3 үміткер, «Адал» партиясы 2 және «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы 3 кандидатты тіркеді.

САЙЛАУДЫҢ АЛДЫН АЛА ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

ҚР ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ 10 ҚАҢТАР КҮНІ ӨТКЕН ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ МЕН МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДА САЯСИ ПАРТИЯЛАР ЖИНАҒАН ДАУЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛА ҚОРЫТЫНДЫСЫН ЖАРИЯ ЕТТІ.

ҚР Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Сәбила Мұстафинаның дерегіне, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы 5,29, Nur Otan партиясы 71,9, «ADAL» саяси партиясы 6,57, Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы 10,95 және Қазақстанның Халық партиясы 9,10 пайыз дауыс жинады.

Естеріңізге сала кетсек, сайлау өткен күні түнде Қоғамдық пікір институты Exit poll нәтижесін жария еткен болатын. Оған сәйкес, респонденттердің 5,75 пайызы «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясына, 71,97 пайызы Nur Otan партиясына, 3,07 пайызы «ADAL» саяси партиясына, 10,18 пайызы Қазақ-станның «Ақ жол» демократиялық партиясына, 9,03 пайызы Қазақстанның Халық партиясына дауыс берген. Айта кетерлігі, аталған институт директоры Айнұр Мөжитова сауалнама қателігі 2 пайыз шамасында болатындығын ескерткенді.

Қазақпарат

МӘМС: БИЫЛ ЖАРНА ҚАЛАЙ ТӨЛЕНЕДІ?

ЕГЕР СІЗ САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН БОЛСАҢЫЗ, МӘМС ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУШІЛЕР САНАТЫНДА БАР-ЖОҒЫҢЫЗДЫ АНЫҚТАП АЛҢЫЗ.

Жарнаны кім қалай төлейді?

- 15 жеңілді санатындағы азаматтарға жарна мемлекет тарапынан төленеді.

- Жалдамалы жұмысшы, яғни жұмыс берушінің бухгалтерия бөлімі жарна аудару объектісінің 2% (2019 жылы – 1%) және еңбек-ақы төлеу қорының 2% көлемінде аударлады.

- Жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалық иелері, жеке іспен айналысатындар 2975 теңге (ең төменгі жалақының 1,4 еселенген мөлшерінің 5 пайызы) төлейді.

- Республикалық және облыстық маңызы бар қалалардағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, (жалдамалы жұмысшысыз және ЖК тіркелмей қызмет көрсететіндер) бірыңғай жиынтық төлем төлеушілер 1 айлық есептік көрсеткіш (2021 жылғы 1 қаңтардағы АЕК – 2917 теңге), басқа елді мекендер үшін 0,5 АЕК (2021 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіш – 1458,5 теңге) көлемінде жарна төлейді.

- Өз бетімен төлеуші ең төменгі жалақының 5%-ын (2125 теңге) аударлады.

- Азаматтық-құқықтық шартпен жұмыс істейтін жеке тұлғалар табысының 2%-ын (2020 жылы 1% ұстал-ды) сақтандыру жүйесіне аударды, ең жоғарғы төлем – 8500 теңге (яғни ең төменгі жалақының 10 еселенген мөлшерінің 2%, 425 000 x 2% = 8 500).

Жарнаны қайда төлейміз?

Сақтандыру жарнасын:

- екінші деңгейлі банктер мен олардың интернет-сервистері;
- Kaspi.kz ұялы қосымшасы;
- «Қазпошта» АҚ бөлімшелері;
- төлем терминалдары (QIWI, Kassa24 және т.б.);
- медициналық ұйымдардағы төлем терминалдары арқылы төлеуге болады.

Сақтандырылғаныңызды тексеру үшін төмендегі сайттарды қолданыңыз.

- Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының сайты fms.kz (оң жақ төмен бұрыштағы терезе).
- Электронды үкіметтің egov.kz сайты (жеке кабинетте және «Денсаулық сақтау» бөлімі).
- Saqtandyrbot Telegram боты (басты мәзірдегі «Сақтандырылғаныңыз туралы анықтау» бөлімі).
- Qoldau 24/7 ұялы қосымшасы (басты мәзірдегі «Сақтандырылғаныңыз туралы анықтау» бөлімі).

ДАУЫС БЕРУ – ҰРПАҚ АЛДЫНДАҒЫ ПАРЫЗ!



Халқымыз саналы түрде өз құқығын пайдаланып, таңдау жасауда. Мен дауыс беруге барғанда Ойыл қазақ орта мектебінде орналасқан №392 сайлау учаскесінде халықтың қарасы көп. Елінің болашағы үшін жасалатын таңдауда осылайша белсенділік танытқан ойылдықтардың көңіл күйі де жоғары болды.

Мен Қазақстанның әрі қарай ұлы жетістіктерге жететініне сенемін. Татулықтың тұтқасы, бірліктің бесігі болған еліміздің әрі қарай көркейіп, гүлденуі үшін, елдің тұрақтылығы үшін дауыс бердім. Мен еліміздің экономикасы үшін, тұрақтылығы үшін таңдау жасадым. Парламент сайлауы - елдің болашағына, берекесі мен бірлігіне, беделіне кепіл болады. Әрбір азамат - өзінің ел алдындағы, ұрпағының алдындағы парызын адал атқаруы тиіс. Бүгінгі сайлау жасампаз ел

Қазақстан үшін саяси сынақ.

«Мың өліп, мың тірілген» ұлттың бүгінгі ұрпағы қай уақытта да сын сөтте «алтаудың алалығына» жол бермей, бірліктің туын биік ұстады. Сондықтан, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттары сайлауын тағайындау туралы үндеуінде «саяси жаңғыру, көппартиялықты дамыту және еліміздің қоғамдық-саяси өміріне азаматтардың қатысу аясын кеңейту жөнінде шаралар қабылданды» - деп атап өткендей, дүбірі бөлек саяси дода -

бұл сайлауда да Қазақстанның бір бөлшегі - ойылдықтардың да қашанғы дәстүрінен жаңылмай, «Бірлік түбі – береке» екенін дәлелдейтініне сенімім мол.

Еркін ЖИЕНАЛИН,

Аудандық мәслихаттың хатшысы.

БІРДЕ-БІР САЙЛАУДАН ҚАЛҒАН ЖОҚПЫН!



Парламент сайлауы – бұл еліміз үшін аса маңызды шара. Сондықтан мен де бүгін елдің әрбір азаматы секілді, қоғамымызда бейбітшілік пен тұрақтылық болу үшін, сондай-ақ халықтың ел-ауқатын жақсарту мақсатында жүргізіліп келе жатқан реформалардың жалғасын таба беруі және ұл-қызымның, немерелерімнің жарқын келешегі үшін дауыс бердім.

Сайлаудың маңызы өте зор. Сайлау - біз үшін мереке. Өйткені, мен осы сайлаудың басы-қасында жүріп, қырық жыл қазанында қайнаған адаммын. Мен жетпістен асқан шағымда өмірде неше сайлауға қатысқанымды білмеймін. Бірақ, бірде-бір сайлаудан қалып көргенім жоқ.

Алдағы Парламент құрамына елім дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып, ел үшін қызмет ететін елжанды азаматтардың сайланатынына сенімдімін. Сайлаудағы алауыздықтың салдарынан қарапайым халықтың зардап шеккенін көрші мемлекеттерде өткен сарын доллардарда көз жеткіздік. Елдің бірлігі ең қуатты күш екенін біз әлемге дәлелдедік. Біздің ауданда бүгінгі күнгі сайлау да үлкен ауызбіршілікпен, бірлікпен өтіп жатыр.

Сәрсенбай АМАНФОСОВ,
Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ЕРТЕҢІМЕ СЕНЕМІН!

Мен де биыл алғаш рет дауыс беріп, өз таңдауымды жасадым. Еліміздегі кез-келген сайлауға қатысу болашағына сенген әр азаматтың негізгі міндеті. Халқымыздың егемендік алғаннан кейінгі жолына, жеткен жетістіктеріне көз жүгіртіп, саралап, тереңнен толғана келіп, осындай шешімге келдім. Саяси науқанға қатысып, өзімнің дауыс беру құқына ие болып, өзімді елімнің алға қарай дамуына үлес қосатын жасқа жеткенімді мақтан тұтамын!

Жаңа Парламенттің әлеуметтің әлеуетін арттырып, тұрғындарының тұрмысын көтеріп, Қазақстанның болашағын одан әрі жарқын ететін өміршең заңдарды қабылдайтынына сенемін!

Ойыл ауданындағы бүгінгі сайлауда дауыс беруде жастардың белсенділіктері ерекше. Демек, менің замандастарымның елдебіреулердің жел сөзіне ермей, өздерінің азаматтық құқығын пайдалануы қуантады.



Нұрбек АЙДЫНГАЛИЕВ,
Қазақстан Республикасы
Ішкі Істер Министрлігі Б.Бейсенов атындағы
Қарағанды Академиясының студенті.

№391 САЙЛАУ УЧАСКЕСІНДЕ ЕШҚАНДАЙ ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚ БОЛҒАН ЖОҚ!

Мен Ойылдың байырғы тұрғындарының бірімін. Осы жерде туып-өстім. Бүгін «Nur Otan» партиясының атынан Ойыл селосындағы №391 сайлау учаскесінде бақылаушы болып отырмын. Қашаннан саяси санасы сергек жерлерстеріміздің белсенділігі жоғары.

Бүгінгі таңда көпұлтты еліміздегі тұтастық пен бірлік, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік тәжірибе ретінде танылған. Біз тәуелсіздік туы желбіреген елімізде ұлттар мен ұлыстардың нәсілдік, этностық, діни және әлеуметтік тең құқықтылығына қол жеткізген мемлекетпіз! Азаматтық татулық пен этносаралық келісім басты құндылығымызға айналды. Қазақстанның сыртқы және ішкі саясаты бейбітшілік пен келісімге, сенім мен тұрақтылыққа негізделген.

Біз сияқты жан-жақты тәлім-тәрбие алып өскен ұрпақ азаматтық теңдік, еңбексүйіштік, адалдық, сияқты «Мәңгілік Ел» идеяларын басты қағида санауы тиіс. Баршамыздың ортақ үйіміз – кең-байтақ Қазақстанның қамын ойлап, халқымыздың еңселі ертеңіне, татулықпен атқан әр таңына алаңдайтын болсақ, әр дауыс маңызды дер едім.



Елена БРАТАШОВА,
Ш.Бекмұхамбетова атындағы
мектеп-гимназияның мұғалімі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ
2021 жылғы 10 қаңтар

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ
САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ
Х А Б А Р Ы

Ойыл аудандық мәслихаты депутаттарын сайлау нәтижелері туралы
мәліметтерді хабарлаймыз:

1. Аудандағы сайлау учаскелерінің саны	24
2. Мәліметтер берілетін сайлау учаскелерінің саны	24
3. Сайлаушылардың жалпы саны	9624
4. Сайлау бюллетендерін алған сайлаушылар саны	7233
5. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылар саны	7126

Оның ішінде:

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктері бойынша дауыс берген сайлаушылар саны	5
дауыс беруге арналған үй жайдан тыс жерде дауыс берген сайлаушылар саны	272
6. Жарамсыз деп танылған бюллетендердің саны	105

7. Сайлауға 5 саяси партия қатысып, оларға берілген дауыстар саны төмендегідей болды:

1. Қазақстан Халық партиясы	673	9,44 %
2. «Nur Otan» партиясы	5451	76,5 %
3. «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы	751	10,5 %
4. «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы	19	0,27 %
5. «ADAL» саяси партиясы	127	1,78 %

8. Саяси партиялар үшін депутаттық мандаттардың мынадай бөлінуі белгіленсін:

«Қазақстан Халық партиясы	- 1 (бір);
«Nur Otan» партиясы	- 9 (тоғыз);
«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы	- 1 (бір);

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

2021 жылғы 11 қаңтар

Б.Бисекенов

Бейімбет МАЙЛИН. ҚАРА ШЕЛЕК

ӘҢГІМЕ ҚАРА ШЕЛЕКТЕН БАСТАЛДЫ. АЙШАНЫҢ АТАСЫНЫҢ БАСЫНДАЙ САҚТАП ЖҮРГЕН ШЕЛЕГІ ҒОЙ. ҮШІНШІ ЖЫЛ БОЛЫП БАРАДЫ, АЙША ШЕЛЕКСІЗ ҚАЛЫП, ШЕЛЕК СҰРАЙМЫН ДЕП АБЫСЫН-АЖЫНҒА ЖЕКСҰРЫН КӨРІНІП, АҚЫРЫНДА БІРМАҒАМБЕТТІ БҮРІП, КӨСТЕНКЕНІҢ ДҮКЕНІНЕН АЛДЫРҒАН ШЕЛЕК ЕДІ.

— Шелек-шелек деп ішкен асым-ды көре ғып болып едің, сенен қорыққаннан темекі алатын ақшама шелек алдым, деп Бірмағамбет, Айшаның қолына шелекті ұстатқанда бұлдап нығыздап ұстатқан.

Бірмағамбет мұны айтқанда, Айшаны салақ деп, дүниесін бүлдіріп ұстайды деп айтқан емес. Айшаның сөзін аяқсыз қалдырмағандығын сездіргелі айтқан. Өйтпесе, Айшаның жинақтығы, күтімділігі, бірін мыңға балап ұстайтындығы бүкіл ауылға мәлім. Салақ қатындар Айшаны жаратпағанда, Айшаға мін таққысы келгенде:

— Көріне бірге алып кетсе, көрерміз: өйтпесе кімнен қалмаған дүние, — деп бұрқылдасады.

Сол қара шелек бүгін майып болыпты! Қожағұлдың қара тоқалы біреуден нәрсе сұрамай, алған нәрсесін бүлдіріп бермей жүре ме, бүгін келіп қара шелекті сұрай қойды. Айша — шелек сұраушыны жайшылықта маңына жүргізбейтін:

— Менен кедей емессіңдер ғой, керек болса, сатып алыңдар, — дейтін.

Бүгін сонысын айта алмай қалды. Айта алмай қалған себепі болды: бүгін айға толды Бірмағамбет жоқ! «Аудан жұмсапты, науқанға өкіл қылыпты, 5-ауылдың байларын Бірмағамбет протоколдап ауданға айдап жіберіпті...» деген сияқты хабар еміс-емес естіледі. Науқан? Несі? Байларда не жұмысы бар? Айлап қаңғырғандай, ай толғанша үй бетін бір көрмегендей не болды? Бұл не деген сұмдық? Қатын-баласынан безген адам бола ма екен деп бірер күннен бері Айша үздіксіз ойлаумен жүр. Күл шығарса да, от жақса да, жалғыз ала сығарды қақпалап суатқа апарып суғарса да есі-дерті Бірмағамбет болады да жүреді.

Бірмағамбеттің жүріс алғаны жалғыз биыл емес, екі-үш жылдан бері жүретінді шығарды. Ана жылы батырақтар съезіне сайланды да, содан былай «съезд», «топ», «қаулы» дегенді аузынан тастамайтын болды. Былтырдан бері ауылға өкіл келсе, алдымен Бірмағамбетті шақырып алады. Бірмағамбет өкілдің қасында болады. Жымылс болса өкіл баяндама істесе, өкілдің ұсынған мәселесін шеше алмай жұрт бөгелсе, Бірмағамбет орнынан ұшып тұрады да:

— Жолдастар! - дейді.

Жұрт селк етіп оның аузына қарай қалады. Бірмағамбет жұрттың қытығына тие сөйлейді. Біреулерді қаси сөйлейді: — Жолдастар! Біздің көбіміз байға жарамсақтанып, байдан қаймығып сөйлемей отырмыз. Өйтпесе, мұның жөні былай емес пе, неге сөйлемейсіңдер? — дейді.

Содан кейін жұрт серпіліп сөзге кіреді.

Жымылстан тарап, үйлеріне келген соң, от басында күңкілдесіп отырып:

— Көрінгенге соқтығып, сотқар атанып не керегі бар, көжеңді ішіп үйде отырсаң да өлмейсің ғой, — дейді Айша.

«Ақылға болайын» дегендей, Бірмағамбет Айшаға ала кезімен қарап, кесесін домалатып жібереді. Бірмағамбеттің томырық мінезін тудырып алам ба деп, содан былай Айшада жым болды.

Өмірде не кездеспейді. Әсіресе, Айша мен Бірмағамбеттің басынан көшірмегені бар ма: малайлығыңды, күндігіңді, байдың таяғын, бөйбішенің бақыруын — бәрін басынан көшірген Айшағой. Үй болып, от түтетіп, өз алдарымен өмір тілегендері 3-4 жылдан бері ғана. Онда да Бірмағамбет малайлықтан босаған жоқ. Былтыр конлексе малынан 2—3 қара ттіп, содан былай ғана басы босанды.

Былтырдан бері Айшаның шаруашылығы мүлде күшейді. Аз дүниесін тап-тұйнақтай қылып ұстайтын болды. Тазалыққа өдет алды. Аш жүрсе де, жалаңаш жүрсе де, қолына іліккен 2-3 қараны саттыруға, сойдыруға қарсы болды. Бірмағамбет қолыр тайыншаны сатып көйлек өперемін дегенде:

— Мал сатты деген не? Үйренген жалаңаштық. Баяғыдан бері өлмегенде, елді өлмеспіз! — деп Айшаның шыж-быжы шықты.

Сондағы ойы — бір қара болса да қосыла берсін дегендік. Үй қатарына қосылайын дегендік. Кедейлікті жалғыз осының маңдайына жазып қойып па? Біреуге телміргені жеткілікті болған жоқ па!

Айша осыны ойлайды, ал Бірмағамбет ше? Айшадан Бірмағамбет бөлек пе? Айшаның көрген азабын Бірмағамбет он есе артық көрген жоқ па? Ендеше, қолы жала жеткен екен, үміт сәулесі елестеген екен, Бірмағамбет неге шаруаға қырсыз болып кетті? Үйінде отырса қайтеді? Бір-екі қарасып күтіп, бақса қайтеді? Жұрттың еркегі құсап, қағыстырып-соғыстырып, бір тиын болса да кіріс кіргізуге тырысса қайтеді?..

Бері де ойыншық-ау, Айшаның ойын өлек қып жүрген екінші бір жұмыс. Айшаның түсінбейтін жұмысы, Айша Айша болғалы, Бірмағамбетке қосылып, бірге өмір сүргелі — Айшаның істемеген жұмысы. Неге істегенін, қалай ілігіп қалғанын Айша өзі де түсінбейді. Ойлай берсе, басы қатады да, дұрыс-бұрыс екенін айырып біле алмайды. Әлмағамбеттен сұраса, ол мұның қайынысы ғой, әзілге шаптырып, Айшаның басын одан жаман қатырады. Осының салдарынан, басы қатып отырып, Қожағұлдың тоқалына қара шелекті қалай бергенін Айша білмей де қалып еді.

* * * Ауылға өкіл келіп, «Шоқтал» басындағы ауылдың жалпы жиналысын шақырды. Ауыл болғанмен жиырмаға жетпейтін үй ғой, қанша адамы бар, бері Сартайдың үйіне жиналды. Әйелдер де қалмай келсін деп айтады деген соң, Айша да барды. Сартайдың үйі аузы-мұрынан шығып отыр екен. Сақалы күйектей болып төрде Қайралап отыр. Бетегесі бүлтілып Ыдырыс отыр. Екеуі де биылғы астық науқанында «майкот» болғандар. Сондағы бір жиылыста:

— Біздің арамызда шыршың бұзар байлар отырмаса екен, кедей мен батырақтың жиылысын өзіне берсе екен! — деп Бірмағамбет, осы Қайралап пен Ыдырысты жиылыстан айдаатып шығып еді. Енді, Бірмағамбет ауылда болмаған соң даңдайсығандай, екеуі бірдей жиылысқа келіп, қатар түзеп отыра қалыпты! Айшаның ашуы келген сияқтанды. Бірмағамбет жоқ деп неге басынады бұлар? Бірмағамбет ертең келгенде,Айша оған айтып, бұлардың төбесін тестірмей ме!

— Жоғары шық, Айша! Бірмағамбет алдына оралғы болып, жиылыстың қарасын көре алмаушы едің, Бірмағамбеттің жоғында сөйлеші бір шешіліп, — деді қайын інілерінің бірі қалжыңдап.

Айша мұның кекетінді сөз екенін ұғынып, бұрынғының үстіне тағы ашу жамады.

Орынбайдың, кекеші, кенеп дорбасын сүйрелеп, өркімге барып бір сөйлеседі. Жалбыр шашты қара жігіт, кекеш Ауылнайа жаратпаған пішінмен қарап отырды да:

— Ауылнай жолдас, сыбырынды тоқтатып, жылысынды ашсаң қалай болар еді? — деді.

Бұл жігіт — ауданнан келген өкіл болып шықты.

Жымылс ашылды. Өкіл баяндама істеді. Баяндама коллектив туралы болды.

.... Сонымен, жолдас, берекесіз ұсақ шаруашылықты бітіріп, коллективтескен ірі шаруашылық құрамыз, социалдық шаруаға көшеміз! — деді өкіл.

Жұрт тынып, мүлгіп, маужырады да отырды.

— Қане, кімнің сұрауы бар? — деп мәжіліс ағасы екі-үш жайырып сұраса да, ешкім үн шығармады.

— Ие, алла, өзін медет бере гөр! — деп Қайралап ауыр күрсінді.

— Ау, неге үндемейсіңдер, сөйлескендерші!

— Айша төніп тұр ғой, бірдеме айтпақ шығар, — деді бір жігіт.

— Белсендінің қатыны ғой, айтса айттып та салар, деді екіншісі. Ашу қысты ма, өлде сөйлегісі келіп кетті ма, Айша ілгерірек басып барып:

— Сөйлесе қорқады дейсің бе, айтатын сөзімді мен қашан болса да айтам. Байлардан қорқып үндемей отырған сендерден сақтасын, — деді.

Өкіл басын көтеріп алып, Айшаның бетіне қарай қалды. Айша мүдіріп, кібірткіп қалды.

— Тоқталма, желгей, айта беріңіз, — деп өкіл күлімсіреді.

— Мен айтсам, алдымен осының ішінде «майкот» болған екі адам отыр, солар шықса екен деймін! Жұрт біріне-бірі қарады: Сатыбалды, Айшаға көзінің қырымен қарап, басын шайқап, таңданды. «Майкот» болған адамды сұрап, өкіл ауылнайды бүріп барады. Ақырында біліп алып, Қайралаппен Ыдырысқа өкіл: — Сіздерді кім шақырды? — деді. — Ойбай, шырағым, осы ауылдан жан қалмай келсін деп айтты деген соң келгеніміз ғой. Келмей қалсақ, жазалы боламыз ба деп қорқып едік, — деп, Қайралап дөбдірлеп, үрейі ұшып кетті.

— Ал, жеңгей, байлар шығарылды, енді сөйлей беріңіз, — деді өкіл бір кезде.

Айшаның ойында айта қоятын ыңғайлы сөз болмады. Өйтсе де, өкіл айт деп өтініп отырған сияқты болған соң, сөйлемей қалудың ретін таба алмады.

— Мен айтсам, өкілдің сөзінің бері дұрыс, мен соған қосылам! — деді.

— Сен қосылсаң, нең кетіп барады, жан қиналып тапқан мал емес, конфискенің малын қосасың дажі бересің. Басқалар айтсын, — деді Құсайын.

Мал қосу, малды ортаға салу дегенге Айша, шыны, түсінген жоқ. Түсінбегені — өкілдің баяндамасын дұрыс тыңдамап еді. Өкілдің сөзін құлағы есітсе де, ойы басқа бір жұмыста болып, ұғына алмай қалып еді.

— Менің сұрауым бар, — деді Жаман,

— ал, біз коллектив болайық. Еншімізді де қосайық. Сонда үйімізді қайтеміз? Осы күшідей бөлек отыра береміз бе, өлде, Ысмақтың өулеті құсап қырық адам бір шөміштен ас ішеміз бе?

— Өрине, бір шөмішке қысыласың, — деп, өкілден бұрын Құсайын жауап берді.

Өкіл Құсайынның сөзін бекерге шығарып, шаруашылық артелінің қай ретпен құрылатындығын, мүшелерінің қалай тұратындығын тағы бірсыпыра айтты, ашып түсіндіріп берді.

— Жолдас өкіл! — деді Тымақпай, — мәселен мен сияқты бір кедей болады. Өзі жалғыз басты, қаңғырып жүрген болады. Өзінің көсібі тігін тігіп, тамағын асырау болады. Сонда сол кісі қайтеді, о да артелые алына ма?

Тымақпайдың арғынан Жүсіп, Қадырберген, Жакыптар сөз алып сөйледі. Бөрінің сөзінен де Айша: «Малды ортаға салу, біріктіру» дегенді ұғынып жатыр. Бұл қалай болды? Екі-үш қараның басы құралғаны осы еді. Былтырдан бері тамаққа да, киімге де жұмсаптай шыж-быжы шығып келіп еді. Енді, ортаға түсіп кетпекші ме?

Жарықтық, емшегірің саласы жұрта қарыс ала сиғыр бір сауғанда бір шелек сүт береді. Былтыр Бузаубай конфискеленгенде, сондағы өкіл Айшаны алып: «Жедегей, Бірмағамбет екеуіңнің еңбегің осы малға аз сідген көрінбейді ғой. Мына сиырдың ішінен тандап тұрып біреуін ал!»—деп еді.

Бузаубайдың сиыр тұқымында не онды сиырлар — қақса сиырдың тұқымынан шығатын. Ала сиыр да соның тұқымы. Айша жүгіріп барып осы ала сиырдың мойнынан құшақтай алған. Сол ала сиыр, енді, ортаға түсіп кетсе, ала сиырдың сүтіне, ала сиырдың майына Қожағұлдың қара тоқалы да ие болса, бөтір-ау, сонда не болмақшы? Бөрің де қойшы, малдың иесі Бірмағамбет үйде жоқ-ау, оның келуіне қаратар ма екен, өлде қазірден-ақ ала бере ме екен?

Сұрау сөз бітті. Мәжіліс ағасы дауысқа салуға кірісті:

— Қане, коллектив боламыз дегендерің қол көтеріңдер! Жұрт біріне-бірі қарап, көтерерінде, көтермесінде білмеді.

Айшаның ойына Бірмағамбет түсе қалды:

«Ал, көтеріңдер!» — дейтін еді-ау ол. Айша, ойлап тұрған ойын ұмытып:

— Ал, көтеріңдер! — деп дауыстап жіберді.

Жұрттың қолы біртіндеп көтеріле бастады. Біртіндей келе үйде отырғандардың бөрінің қолы көтерілді.

— «Коллектив боламыз!» — деген қаулы бір дауыстан қабылданды. Басқармаға адам керек болып, біреу мынаны айтып жатыр еді.

— Менің ұсынысымды қабылда-



сандар, коллектив басқармасының ағалығын атап осы жеңгейді сайлаңдар! — деді өкіл.

— Қой, ойбай, — деп Айша ыршып түсті.

— Ол кісіні сайлауға көпшілік қарсы болмас еді, бірақ хат білмейді ғой, — деп Құсайын күмілжіп барып тоқтады.

— Хат білмесе, үйренер, Айша келіннің сайлауына мен өзім қосылам, ал, қолдарыңды көтері! — деп, Досым қолын көтеріп» еді, жұрттың қолы біртін деп көтеріле бастады. «Жаңа турмыс» артелінің басқарма ағасы Айша болып сайланды. Сол күнгі оқиға Айшаға өлі күнге түс сияқты. Ойламаған. жерден қайдан тап келген көсемдікі! Бұл көсемдіктің аяғы неге барып соғады.

Бірмағамбет бұған риза ма? Бірмағамбеттің өзіне болса, осыны істер ме еді. Әлде, қарысып отырып алар ма еді. .

Айша үйіне келсе, сегіз жасар баласы — Қуандық ауылдың балаларын жинап алып асыр салып, үйін астан-кестен қылыпты: төріне шөйін бұрқыраған шөп, шашылған күл, төгілген су, Жайшылықта үйге сөйлей кіріп, асыр салған балаларды тасқаяқтай қақтырушы еді, солай болады ғой деп, Айша үйге кіргенен-ақ, балалар ысырыла жөнелді. Айша бұл жолы —8 бұрын-ғыдай көрленіп, кейін қалғанын желкеге бір нұқып шығармады. Балалар бірін-бірі термелеп, есікке сығылысады. Айшаның онымен ісі болмады, пешке арқасын сүйей отырды да, терезеден тысқа қарады: дала боран. Терезенің алды күрткік, күрткіктің басынан асыра — долы жел жұмсақ қарды түтіңдей бұрқыратып жатыр. Терезенің астыңғы көздері көміліп үй іші. қара келеке тартқан секілді.

— Коллектив! Бақытқа болатын жұмыс па, соға болды жұмыс па? Жиылыста отырған біреулер, әзілі ме, шыны ма:

— Әйелдерді де ортаға салатын болсақ екен, — деді-ау...

— Е, білдік, сенің көз дегенің Жексеннің қатыны ғой, — деп екінші біреуі оған жауап қайтарды.

Шынымен солай болса, әйелдер де ортаға салына...

Айшаның ойына Бірмағамбеттің мінезі түсе қалды: қызғаншақ, күйгелек, томырық... «Сені жандымдай көремін, саған біреу тікелеп қараса, ішім күйіп кетеді...» дейтін Бірмағамбет кейде. Осыны шынымен айта ма екен? Шынымен айтса... «Қойшы өрі, қайдағы жоқты ойла-майыншы» деп Айша осы жерде тоқталды.

Қожағұлдың тоқалы келді. Жаулығы салтақ-салтақ кір. Аяғындағы кебісі бір жамбастап қисайып кеткен. Жау қуып келгеннен жаман еңтігіп, қотыр малдай пешке сүйене тұрды да:

— Апырмай, құдайдың күніне не болып еді, түбі түсіп кеткен шығар күнде боран, күнде боран, есті тандыратын болды ғой осы боран да ерігіп, жиылысқа келіп жүргендерін айтамау, «Шоқ қайыңның» 4—5 адамы үйге келіп, өкемдей болып сіресіп отырып алды. Осы күні жұртта не күй бар дейді екен? Жалғыз мәшке сойып едік, қалған жарты жаясын кеше бұзып алдық, одан басқа тұлдыр болса бұйырмасын, — деп өз алдына бұрқылдаумен болды.

Қара тоқал бір сыпыра желдіртіп келіп:

— Соларға шай қойып беріп құтылайын деп едім, екі шелекпен

бармасам, боранда қайта-қайта барып жүру қиын, шелегіңді бересің бе, келін? — деді.

Қара тоқалдың не айтып, не қойғанын Айша ұғынған жоқ, өзіне құлақта салған жоқ. Жалғыз-ақ «шелек» дегенін ұғынып қалды. Жайшылықта безілдеп маңына жуытпайтын. Бұл жолы үйтпеді. Шелекті бермесе, қара тоқал мыжындап мазасын ала беретін сияқты болды. Содан құтылғанша асықты. Өзі үйде оңаша қалып, істеген ісін тағы бір ойлап шықпақшы болды.

— Ана жақта тұрған шығар, ал! — дей салды.

Қара шелек қолынан осылай шығып кетіп еді.

Кеш болып, үй іші қара көлеңке тартқан соң, суға барайын десе шелегі жоқ. Шелегін қара тоқалдың алып кеткені Айшаның есіне сонда түсті. Жаны шығып кете жаздады, үйткені, қара тоқалдың қолына түскен ыдыс сау қайтқан емес: кесе алса, екі бөліп қайтарады, құманша алса, шүмегін сындырып қайтарады, шелек алса...

Айша шыдай алмай, үйінен шыға жүгірді. Екі үйдің арасына жалданып тұрған қарға тізесінен батып мал-тықты. Оған да тоқтаған жоқ, қара тоқалдың үйіне жеткенше, қара шелекті көргенше асықты.

Шашы обырап, күлді бұрқыратып қара тоқал пештің алдында отыр еді. Есіктен кірген Айшаны көрді де, ашуланған пішінмен шымшуырман отты көсеп-көсеп қалды. Күл бұрқырап пештің аузынан көлбеп ұша берді.

— Шелекке келіп едім, — деді, Айша ал денеден қорыққандай.

— Өлгі қаңғыр бала... Өзінің де сылып бердім, — деп қара тоқал өшен бола берді...

Айша шошынып, сезіктеніп, қара тоқалға төне түсті. Тоқал қаймыққан түрмен қарап:

— Неге төңдің? Үлкенді сыйлап именсе қайтеді екен бұлар? Өне, жатыр шелегің, — деді.

Айша босағаға қараса, екі бүктетіліп, түбі аламайымен сөгіліп, қара шелек жатыр! Жаны шығып кете жаздады. Жалма-жан шелекті алып, қара тоқалға жіберіп ұрды. Ызаланып көзінен жасы ыршып-ыршып кетті.

— Ойбай, өлтірді мына иттің баласы! —деп, қара тоқал шаңқылдап, үйді басына көтерді.

Шам жаға Қожағұл келді. Бет-аузына жабысқан қар еріп, сақалынан тамшылап тұр. Көзі бұрынғысынан да үлкейіп, ұясынан шығып бара жатқан терізді. Тамсанып кішкене тұрды да:

— Келін шырағым, біздің әйелге қол тигізбей-ақ қойсаң болмай ма? —деп күрсінді.

— Сындырмасын, бүлдірмесін біреудің нәрсесін!

— Сындырмасын дегеніңіз дұрыс қой, бірақ, «біреудікі» дегенді қойса да болады ғой. Мана өзіңіз бар емес пе едіңіз, не деп еді өкіл? «Керекті құралды ортақ пайдаланасыздар» демеп пе еді? Сол құралдың бірі шелек қой. Ортақ мүлікті алып-пайдаланар болар.

«Сындырмасын» деңіз, оныңызға қосылам. Бірақ, «сен сындырамысың» деп ұруға бола ма? Өкіл олай деген жоқ еді ғой. Өзіңіз соған бастық болып сайландыңыз. Бастық адам ұрмас болар, «бастығымыз осылай қылды, ұрды» деп арыз берсек, «пот-сот» уәтетініңізді білесіз бе?

Қожағұл Айшаға ақыл айтпақшы

болып тұрып, бір сыпыра ауыр сөздерді ышқындырды. Айша үндемеді. Айша өзін тентекке салмады. «Мүлікті ортаға салу» туралы манағы жиылыста айтылған сөз Айшаның есінен шығып кетіпті. «Шынында солай екен: ортақ мүлік, алып пайдаланды. Сындырса да еркі бар емес пе?» — деп ойлады. Ойлап еді, көз алдына жапырылған қара шелек елестегендей болды. Шашы жалбырап пеш алдында албасты құсап отырған қара тоқал елестеген сияқтанды. Ашуланды ма, қорықты ма— Айша қалтырап, бойы тітіркеніп кеткен сияқтанды.

...Түн. Терезе қармен көмүлі! Дала боран, жел дүрілдейді, ысырады, ұлиды. Қараңғы үйде, Қуандығын бауырына басып, бүк түсіп Айша жатыр. Ұйқы қашқан. Ауыр ой кернеп, оқтасаң да күрсінеді. Есікті біреу жұлқа-жұлқа тартты. Айша шошынып, басын көтеріп алды:

— Бұ кім?

— Мен!

Таныс дауыс. Айша орнынан ұшып кеткендей болды.

— Апырмай, боранда не ғып келдің? — деп Айша бөйек болып шешіндіріп жатыр. Үсті-басы қар, қырау, мұрты сүмбідей болып қатқан мұз, қызыл шырайлы тапал жігіт ысылдап, шешініп жатыр.

— Өй, қалкам, жүдеп қалған жоқсын ба, келші сүйейін! — деп, сауыстанған мұзымен Айшаны күшағына тартып еді. Айша қыз күндегісіндей бұралып, бетін тосты. Бұл келген Бірмағамбет. Бұл кеткелі қашан! Айша бүгін кейігеннен, келсе бетіне қарамасын деп еді. Енді бетінен сүйгізіп тұр. Бірмағамбеттің мінезі солай. Басқа қазақ жолаушылап келгенде, қатынын «қара-ғым» демек түгіл, қатынының бетінен сүйкем түгіл, адам деп елеп амандаспайды да. Бұл — Бірмағамбетке өзгеше біткен мінез...

Бірмағамбет жоқта басынан өткен оқиғаны Айша бастан-аяқ айтып шықты. Бірмағамбет бірін теріс дем

АДАМ ЖАНЫНЫҢ ИНЖЕНЕРІ

ЕЛІМІЗ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАЛЫ ОТЫЗ ЖЫЛҒА ЖУЫҚ УАҚЫТ ІШІНДЕ ЫНТЫМАҚТЫ ҰРАН, ТАТУЛЫҚТЫ ТУ ЕТЕ ОТЫРЫП, ТОЛАҒАЙ ТАБЫСТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ. СОНЫҢ ІШІНДЕ МЕДИЦИНА САЛАСЫ ДА ҚАРЫШТАП ДАМЫП КЕЛЕДІ. ЕЛІМІЗДІҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНЫҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ ӘР АҚ ХАЛАТТЫ ЖАННЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІНЕ, БІЛІМІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БОЛДЫ. ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ ҮШІН КҮРЕСТЕ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ОРАСАН. БҮКІЛ ӘЛЕМДІ ШАРПЫҒАН ҚАУІПТІ ВИРУСПЕН КҮРЕСТЕ ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ТАБАДЖЫЛЫҒЫ ОСЫНЫҢ АЙШЫҚТЫ ДӘЛЕЛІ ДЕУГЕ БОЛАДЫ.

Кез-келген науқастың қажетті ем алып, аяқтан тұрып, сауығып кетуін басты назарда ұстайтын ақ халатты абзал жандардың еңбегі ерен. Себебі бұл мамандық иелерінің еңбегін қажетсінейтін жан бұл өмірде кемде-кем. Өзінің сүйікті мамандығына нағыз беріліп, адам денсаулығының сақшысы қызметін абыроймен атқарып жүрген біздің бүгінгі кейіпкеріміз Ойыл аудандық ауруханасының бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев. Мектепті бітіре салысымен Марат Оспанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтына түсіп, емдеу ісі мамандығы бойынша бітірген. «Анамның үстіне киген ақ халатынан оның жүрегі таза, пейілі кең екенін көріп өстім. Мен сондықтан балалық шағымнан медицина саласына құмар болып өстім. Әлбетте жаны қиналып тұрған адамға қуаныш сыйлау үлкен бақыт деп санаймын. Сол себепті ақ халат киіп жүргенімді мақтан тұтамын», - дейді дәрігер болуды бала кезінен армандаған Сәндібек Мұхамбетжанұлы. Демек, оның осы саланы таңдауы кездейсоқтық емес. Өйткені оның анасы дәрігер болған. Сондай-ақ ағасы да дәрігер болып

қызмет етеді. Қазіргі таңда келіншегі де дәрігер қызметін атқарса, қос бірдей қызы да осы жолды таңдаған. Ол жауапты қызметті 20 жылға жуық уақыттан бері адал атқарып келеді. Осы уақытқа дейін өзі таңдаған мамандықтың барлық сатысынан өткен Сәндібек Мұхамбетжанұлы аудандық аурухананың бас дәрігері қызметін атқарып жүргеніне 5 жылдан асқан. Күнделікті ауруханаға келіп жатқан науқастарға ем-шаралар көрсетуден бөлек, аурухананың өзге де күйі тірлігіне қарамастан кейіпкеріміз еркін жайдары мінез танытып жүруден жалыққан емес. Оның бүгінгі басты міндеті науқастарды емдеу ғана емес, медициналық шаруашылықтарды жүргізу. Дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету, ауданымызға білікті кадр тарту, қаржы секілді өзге мәселелер бойынша жұмыстар атқарады. Оған қоса бұл міндеттерінен бөлек аудандағы қоғамдық жұмыстарға белсенділік танытып келеді. Өзі басшылық етіп отырған ұжымды ауданның қоғамдық-саяси өмірінен ажыратқан емес. Сәндібек Нұрбаев коронавирус пандемиясы кезінде ғана емес, жалпы



аудан жұртшылығының денсаулығын сақтаудағы табанды да қажырлы еңбегі үшін «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісіне ие болды. Әлем елдерін дүрліктірген қауіпті індеттің біздің ауданды айналып кетпегінен бері де біледі. Осы жолда Сәндібек Мұхамбетжанұлының еңбегі шексіз. Осындай қауіпті сәтті ұжымымен бірге еңсеріп шыққан ол «Ең бірінші кезекте алдына келген науқастың көңілін табу керек. Сосын жанын қинаған ауруды дәл басу, ең қиын шаруа», - дейді. Сондықтан әр науқасқа бар ниетімен әрі шынайы пейілмен қамқорлық таныту өте

маңызды екенін айтады. Оның айтуынша, бұл мамандық өте үлкен жауапкершілік пен біліктілікті талап етеді. Себебі, денсаулық адам өмірінің ең қымбат байлығы болғандықтан оның кері кетуіне түрткі болған дәрігер қателігін ешкім кешіре қоймай-тыны шындық. Осы орайда біз «Гиппократ» антын қабылдап, адам жанына араша түсетін әрбір дәрігерді яғни, науқасқа біліктілігімен адал қызмет қылатын ақ халатты абзал жандарды адам жанының инженері десек, артық айтқандық болмас.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.



Сарбие ауылының тұрғындары
Әкеміз Болаттың 71 жасымен,
анамыз Ұлжанның 70 жасымен,
ағамыз Русланның 45 жасымен құттықтаймыз!

Қаңтар айының 16-ы біз үшін өте қуанышты күн. Өйткені осы күні отбасымыздың тірегі ардақты әкеміз бен аяулы анамыз, қамқор ағамыз мерейлі жасқа толады. Ендеше отбасымыздың үш бірдей мүшесін туған күндерімен құттықтаймыз. Дүниенің бар жақсылығын тілейміз. Аmandық болсын, жамандық болмасын! Арамызда аман-есен жүре беріңіздер.



Анашым, нұрға толсын жүзіңіз, Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз. Тіршіліктің қызығына бөленіп, Аман-есен ортамызда жүріңіз. 71 де жетіпті желкен керіп, Тірлігің күннен күнге көркемделіп. Бұл күнде бір әулеттің айынысыз, Тұрасыз парасатқа өлшем болып. Ағатайым арқа сүйер ақылшым, 45 ке келіп міне жатырсың. Ортаймасын күлкі күнін ешқашан, Бақыт тілеп өмір таңын атырсын. Құттықтаушылары: бала-келіндері Руслан-Рысәул, Нұрлан-Гүлзия, Жасұлан-Ақнұр, Асылан-Гүлшат, Тұрлан-Гүлнұр, қыз-күйеу балалары Шоқан-Фарида, Жазира, Назира, Гүлмира, немерелері, жиендері.

Орал қаласының тұрғыны,
Ойылдың азаматы,
Қанат Қайыұлы Қосжановты
60 жасымен құттықтаймыз!

Өмір көшін бірге бастап едік.
Қалыпсың сенде 60 жасқа келіп.
Лариннің шөкірті едің талантты,
Интернатта бірге оқыған достарың.
60 жасымен құттықтайды Қайыұлы Қанатты.
Игі тілекпен достарың Жарас Баймұхановтың,
Нұрым Бекеевтің, Мінсізбай Жайлыбаевтың
отбасылары.

МЕНІҢ МАМАНДЫҒЫМ-МАҚТАНЫШЫМ



«Армансыз адам-қанатсыз күспен тең» демекші менің бала кездегі арманым полиция қызметкері атану болатын - дейді Ақтөбе облысы Ойыл ауданы полиция бөлімінің аға анықтаушысы полиция подполковнигі Ғалымжан Марал Ғалымжанқызы. Ол бала кезінде «Таудағы жаңғырық» атты қылмыстық оқиғалар туралы кітапты бірнеше қайтара қызығушылықпен оқып, полиция қызметкері қатарына өтіп, тергеуші болуды арман етіп, алдына мақсат еткен. Өзінің балалық арманының орындалуына көп көмегі тиген, өзіне әкедей болған Тереханов Өтемис Мәндіғалиұлына алғысының шексіз екенін айтады. Сонымен қатар ішкі істер органдарында еңбек атқарған 25 жыл ішінде өндірісте болған сан түрлі қылмыстық істермен бетпе-бет келген. М. Ғалымжанқызы тергеу қызметінің ең ауыр арқаалаған жүгі-ар алдындағы адалдық, ер қылмыстық істің артында адам тағдыры тұрады, сондықтан қылмыстық істі тергеу кезінде адам тағдырына деген ақиқаттың ақ жолынан ауытқымай, өліміне қажет ету басты міндетім деп білемін деп, өз мамандығын сүйетінін, мақтанышпен жеткізді.

Өйтсе де қызметімен қоса отбасының тыныс-тіршілігін қатар арқалайтын әйел қызметкердің жауапкершілік жүгі ауыр екені де белгілі. Алайда, өзінің 2001 жылы шаңырақ құрған өмірлік жары Жәнібек Айдығалиұлы да полиция майоры, криминалист маманы болып жұмыс жасайды. Сондықтан ол жолдасы Маралдың жанын түсінеді. Отбасында екі ұл, бір қыз тәрбиеленуде. ІЮ саласында қызмет атқарудың қаншалықты қиын екендігін білсем де тұңғышым Жәнібекұлы Нұрбектің таңдауына қарсы болмадым, керісінше барынша қолдадым, балам 2019 жылы Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясына оқуға түсіп, қазіргі таңда 2-курс курсанты. Академияның «волейбол» команда-сының мүшесі және академия курсанта-тарының арасынан «знаменовец» ретінде таңдалып алынған курсанты деп, ата-ананың ізгі жолдарын жалғас-тырған баласына аналық ризашылы-ғын білдіріп, мақтан ететінін қуаныш-ты көңілімен білдірді.

Сөз арасында М. Ғалымжанқызы туған інісі Ғалымжанов Дархан Ғалым-жанұлының 2000 жылдан бері Ойыл

ауданы полиция бөлімінде қызмет атқарып келетінін, қазіргі таңда поли-ция бөлімі бастығының орынбасары, шені-полиция майоры екенін, ал кіші інісі Махаев Асқар Ғалымжанұлы, күзет полиция бөлімінде қызмет атқа-рып, қазіргі таңда дүниеден озғанын айтып өтті.

Ғалымжан Марал Ғалымжанқызы 07 желтоқсан 1975 жылы Ойыл ауданы Сарбие ауылында дүниеге келген. 1995 жылдың қаңтар айында Ойыл аудандық ішкі істер бөліміне паспор-тистка қызметіне қабылданған.1995 жылдың маусым айында М.Ғ.Ғалым-жан жасы көмелетке толмағандар істері жөніндегі аға инспектор, 2007 жылы маусым айында аға анықтаушы болып тағайындалған.Қазіргі таңда ішкі істер органы саласында 25 жыл еңбек етіп келеді. Еңбек жолында «Ойыл ауданы өкімі сыйлығының лауреаты» грамотасымен, ҚР ІІМ алғыс хаттарымен, сертификатты-мен, 2-дәрежелі «Ішкі істер органдарының үздігі» төс белгісімен, ҚР Конституциясының 25 жылдығына орай ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың төс белгісімен, тағы да басқадай марапат-тарға ие болған. Қызметтік шені-подполковник.

САБАҚ БАСТАЛДЫ! САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ ҚАТАН ҚАҚЫЛАУДА!

Елімізде қауіпті инфекцияның өршуі білім беру саласына да салқынын тигізді. Өткен оқу жылының соңғы тоқсанында біздің ауданда жалпы білім беретін ұйымдар қашықтан оқытуға көшірілген еді. Быылғы оқу жылы да сол форматта басталды. Яғни, осы уақытқа дейін оқу процесін қашықтан ұйымдастырып келген орталықтағы Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі, Ойыл қазақ орта мектебі, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназияда жалпы - 1502 оқушы білім алуда. 3-тоқсаннан бастап 1-4 класс, 5 класс оқушыларын ата-аналардың өтініші негізінде 9,11 класс арасық форматта төңдердің 30%-қақылықтықтан, 70% штаттық режимде кезекші сыныптар арқылы - 882 оқушы, қашықтықтан 25 оқушы, ал мектеп алды даярлық тобы, 6, 7, 8, 10 класс қашықтықтан 595 оқушы оқытылуда. Атап айтқанда, 1-4 класс

– 56, кезекші сыныпта - 599 оқушы, 5 класс - 9 кезекші сыныпта -107 оқушы, 9 класс – 9 кезекші сыныпта - 97 оқушы, 11 класс - 8 кезекші сыныпта - 79 оқушы; Орталықтағы үш мектепте 82 кезекші сыныпта – 882, қашық-тықтан 21 оқушы. Штаттық режимде оқытылатын 20 мектепте 2243 оқушы білім алуда. Санитарлық ережені сақтау мақса-тында оқушы байланысты барлығы 40 сынып екіге бөлініп, яғни 80 кезекші сыныппен оқытылуда. Штаттық режимде оқытуды ұйымда-стырған Ш.Берсиев атындағы орта мектептің оқушы саны 300-ден асып кетуіне байланысты мектеп алды даярлық тобы қашықтықтан оқытуды. Кезекші сыныптарда жұмыс істеген педагогтарға өткізген сағаттары үшін толығымен еңбек ақылары есептеліп берілуде.

Мектептерге қажетті санитарлық

залалсыздандыру құралдары түгел сатып алынып, таратылды. Заласыз-дандыру кілемшесі, тепловизор, квар-цтар, заласыздандыру сұйықтары. Сабақтың ұзақтығы 40 минуттан өткі-зіледі. Баланың температурасы мек-тепке келгенде және тараған уақытта 2 рет өлшенеді. Әр екі сабақ сайын 15 минут үзіліс дезинфекция. І-ші және ІІ –ші ауысым аралығында бір сағат дезинфекцияледі, кварцтеу жұмыс-тары жүргізіледі. Жүргізілген жұмыс-тар тіркеу журналдарына жазылады. Санитарлық ережені сақтау мақса-тында мектептерге 100 дана аяқ киім-дерді арнайы залалсыздандыру кілемшелер, 58 термобакылаудан ету арқылы дене қызуын өлшеу құралы, 430 санитарзер, 440 бактерцидті шам, 150 сұйық сабындар, 150 килограмм хлор, 30 жылжымалы бактерцидті шам, 3000 заласыздандыру сұйығы алып берілді.

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ БАСШЫСЫ С.ӨСКІНБАЕВТЫҢ 2021 ЖЫЛҒА ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ					
№	Аты- жөні	Қызметі	Жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау жүргізетін уақыты мен күні	Орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Өскінбаев Сүйендік Төлешұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның бейсенбі күні Сағат 10:00-12:30, 14:00-18:00	Ойыл ауданы Көкжар көшесі №69, 216 бөлме	8/71332/ 21746

Мекеме қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа байланысты фактілер анықталған жағдайда «Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2-15-51 сенім телефонына хабарласуына болады. Мекемеде ұсыныс-пікір, арыз-шағымдарға арналған жәшік орнатылған.

Жақсылықтың жаршысы бол, Жаңа жыл!

ӘЛЕМДІ ДҮРЛІКТІРГЕН ЕСКІ ЖЫЛДАН ДА ӨТІП, ЖАҢА ЖЫЛҒА ЖАҢАДАН ҚАДАМ БАСЫП ЖАТЫРМЫЗ. ЖАҢА ЖЫЛ – ЖАРҚЫН ҮМІТ, ЖАҢА ӨМІР. МАҚАЛАМДЫ БАСТАМАС БҰРЫН, БАРШАҢЫЗДЫ ЖАҚСЫЛЫҚ ҮМІТІМЕН, КӨПТЕН АҢСАТЫП ҚУТТІРГЕН ЖАҢА 2021 ЖЫЛДЫҢ ТОЛУЫМЕН ҚУТТЫҚТАЙМЫН! ЕСКІ ЖЫЛЫМЫЗБЕН ЕРІП КЕЛГЕН НЕБІР ОҚИҒА-ЖАҒДАЙЛАР ӨЗІМЕН БІРГЕ КЕТІП, ЖАҢА ЖЫЛЫМЫЗ ЖАЙДАРЛЫ ЗАМАН, ЖАРҚЫН ӨМІР АЛА КЕЛСІН!

Бөріміздің жан дүниеміз ерекше бір күй кешуде. Жаңа жыл жана өмірмен басталып, өткен сан-қилы оқиғалар өткен тышқан жылының елесінде ғана қалған секілді. Игі солай болсын! Өткенді қазбалаудың есте керегі жоқ шығар, алайда кешегі күн арқылы бүгінгімізді қалыптастырамыз. Ескі 2020 – тышқан жылы. Бұл жыл – меси секілді бір орында тұрмай, аумалы-төкпелі заман болып қарбаласпен, өлемдік орны толмас қайғымен, қиыншылықпен, ұлтаралық, мемле-кетаралық қақтығыстармен, небір жан түршігерлік жарылыстармен өтіпті. Артқа бір қарасақ, жүрегіміз шымыр-лап, тітіркеніп те кетеді. Оларды қоя тұрып, осы күнге дейін өз күшін жоймаған, өлі жер-жаһанды жалмап, жаулап тұрған дерт – бөріміздің жүйкемізді жұқартып, көңілімізді кінжілтіп, ауырмасқақ та, ауырған адамдай дел-сал күй отыр. «Осынау күшті дауылдың қарқыны қашан басылар?» - деген сұрақ – барша Әлем жұртының көкейін тесіп барары хақ.

2020 жылдың ұлы дертіне айналған пандемияның өзі қаншама жанды жұтып, қаншама адамды ет жақы-нынан айырды. Осы бір алпауыт дерт өлі күнге дейін тілсіз жау - өрт секілді басылмай, дүние жүзін өз жалынымен шарпып жатыр. Бірақ, бөріміздің жүрегіміздегі үміт оты сөнбей – жан-дүниеміз жаңа жылда осы бір қан-қақсатқан аурудың беті қайтып, 2021 жылы тек жақсылығымен келетін секілді күйді кешуде. Әлі жас болсақ та, қазіргі заманның қиыншылығын біз де түсінеміз, сезінеміз. Осы пандемия-ның кесірінен осы уақытқа дейін төрт қасырға арасында қамалып оқып келдік. «Жастар – ел болашағы» - дей-ді Елбасымыз, сол себепті болашақ-тың тұтқасы біздер екенін ойлай отырып, кейде күйініп те кетеміз. Бұйырса, аңсаған оқу орнымызға барып та қалармыз. Сол бір жылы үмітпен, шыдамдылықпен жақсы хабар күтіп отырмыз. Ие, бұл күндер де кетер, өлі-ақ бұрынғы жарқын күндер – сәулелі, шұғылалы, нұрлы шақтарымен қайта оралар. Қара бұлт артында жарқыраған күн тұрарын өсте естен шығармау керек.

Бүгінгі күн – ертеңгі күн. Өткен жылымыз тарих бетінде тарихт қап-қара жазумен мәңгі тұрары анық. Осынау аумалы-төкпелі кезеңде барынша аянабай, аурулармен арпа-лысып,өз жанын аямай, дертпен күресіп жүрген дәрігерлер қауымына алғысымыз шексіз! Және осындай заманда ел-жұртқа қолдарынан келгенше көмектесіп жүрген ерікті-лерге де мың алғыс! Келер жылымыз тек береке мен мерекесін, құты мен бақытын, қуанышы мен жақсылығын ала келсін, мерекелеріңізбен тағы да құттықтаймын! Жақсылықтың жаршы-сы бол, Жаңа жыл!

Адина ТИМУРОВА,
Саға мектеп-балабакшасының
түлегі, қазіргі таңда әл-Фараби
атындағы ҚазҰУ-дің «Филология
және әлем тілдері» факультетінің
1-курс студенті.

ШОҚЫНУ МЕЙРАМЫ: ҚАСИЕТІ МЕН ҚАТЕРІ



19 қаңтар православ христиандары үшін ерекше діни мереке. Бұл мере-кеңің жоралғысы бойынша, шіркеу қызметкерлері таңертең ертемен келіп, музыка ойылып, арнайы дайын-далған өзен ойығына крест салып, көдімгі кара судың қасиетін артты-рады. Осы күні ауданымызда да салқын суға шомылатын азамат-тарымыз аз емес.

Осыған орай азаматтардың қауіп-сіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі қауіпсіздік шараларын еске салады:

- құтқару қызметтерінің өкілдерінсіз және медицина қызметкерлерінсіз шомылуда;
- суға тікелей мұздан сүңгуге;
- купельді ластау және қоқыстан-дыруға;
- спирттік ішімдіктер ішуге, мас күйінде шомылуда;
- өзімен бірге иттер мен басқа да жануарларды әкелуге ;
- мұзда, шешіну бөлмелерінде қағаз, шыны және басқа да қоқыс-тарды қалдыруға;
- жалған дабылды айқайлауға;
- суға шомылатын өзен ойығына автокөлікпенжақындауға;
- адамнан астам топпен шомылуға

Тыйым салынады.

- балаларды ойыққа батыру ұсы-нылмайды;
- мұздағы ойықтың жанында бір уақытта 20 адамнан артық болмауы тиіс;

Сондай-ақ келесі ережелерді сақтауды сұраймыз:

- Ойықта шомылудың алдында денені дұрыстап қыздырып алу керек, сергіту сәтін жасап, жүгіріп.
- Ойыққа ыңғайлы, тайғанамайтын және жеңіл көтерілетін аяқ киіммен келу қажет. Аяқтарды өткір тастар мен тұздан қорғайтын, сондай-ақ мұзда

сырғып кетпейтін арнайы резеңке төпешкерлерді қолдануға болады. Ойыққа бара жатқанда, жол тайғақ болуы мүмкін екенін ұмытпаңыз. Баяу жүріңіз.

- Ми тамырларының рефлекторлық тарылуына жол бермеу үшін басын суламай мойынға дейін батырған дұрыс. Ешқашан ойыққа басыңызбен секірмеңіз. Суға секіру және суға батыру ұсынылмайды, өйткені бұл температураның жоғалуын артты-рады және суықтан соққыға әкелуі мүмкін.

- Суға алғаш рет кірген кезде қажет-ті тереңдікке тез жетуге тырысыңыз, бірақ жүзеңіз.

- Ағзаның жалпы салқындауын бол-дырмау үшін ойықта 1 минуттан артық болмаған дұрыс.

Назар аударыңыз!

Дәрігерлер балаларға суықта шомылуға қатаң тыйым салады! Жас балаларда, әсіресе нәрестелерде терморегуляция жүйесі жетілмеген. Үсу өте тез болады, ал ата-аналар оны байқамауы мүмкін. Мұндай шомылудың салдары өте ауыр жағдай болуы мүмкін: бала пневмониямен, менингитпен немесе орталық жүйке жүйесі-сінің басқа ауруымен ауыруы мүмкін.

Шомылғаннан кейін сулгімен сүрті-ніп, құрғақ киім киіңіз; ыстық шай ішу керек.

Ойықта суға түсу үшін адамдарға не қажет:

- сүлгі мен жылы халат, құрғақ киім жиынтығы;
- аяққа зақым келтірмеу үшін төпеш-ке, мұз үстінде сырғып кетпеу үшін, жүн шұлықтары жақсы;
- резеңке қалпақ;
- аяқ астына кілемше.

Төтенше жағдайлар туындаған кезде 101, 112 бірінғай құтқару қыз-метіне қоңырау шалу қажет.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі мен аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы, Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Бергалиевтар отбасына, жұбайы Гүлнұрға Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі әріптесіміз **Бергалиев Батырхан Алтайұлының** қайтыс болуына байланысты, ағайын тұма- туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.